

Кәсібіне адал қызметкер

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ
ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ
ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҢҒЫРТУ ТЕК
ҚҰҚЫҚТЫҚ-НОРМАТИВТІК
ҚҰЖАТТАРҒА
ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУМЕН
ШЕКТЕЛМЕЙДІ.
БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ
БАСТЫ МІНДЕТТІҢ
БІРІ – МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІНІҢ КӘСІБИ
ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ
БОЛМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ.
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ
ЖҰМЫС ІСТЕУ АДАМНАН
ТЕРЕҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ,
ШЫНАЙЫ ҒЫНТА-ЖІГЕР
МЕН АДАЛ
НИЕТТІ ТАЛАП ЕТЕДІ.



Бүгінде қоғам мемлекеттік қызметшілерден елдік және қоғамдық мүддеге әділ ері адал қызмет етуді, өз білімін, тәжірибесін және күш-жігерін Отанымыздың өркендеуіне жұмсауды күтеді. Осындай биік талапқа сай қызмет етіп жүрген тұлғалардың бірі – Әжіғалиева Гүлшат Бақтыбайқызы.

Гүлшат Бақтыбайқызы – кәсіби тәжірибесі мол, адамгершілік қасиеттері жоғары, тұлғалық болмысы арқылы өзгелерге үлгі бола білген мемлекеттік қызметші. Өзінің саналы ғұмырының 30 жылын медицина саласындағы бақылау және қадағалау қызметіне арнаған.

Ол Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің биология мамандығы, Қазақстан инновациялық телекоммуникациялық жүйелер университетінің құқықтану мамандығы бойынша тәмамдаған. Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен денсаулық сақтау магистрі академиялық дәрежесін алған.

Еңбек жолын 1995 жылы Қызылқоға аудандық санитариялық-эпидемиологиялық стансасында дәрігер-эпидемиологтың көмекшісі қызметінен бастаған. 2018 жылға дейін осы мекемеде түрлі лауазымдарда қызмет атқарды. 2017-2018 жылдары уақытша басқарма басшысы міндетін атқарушы, 2018-2022 жылдары Махамбет аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы, 2023 жылы Көліктегі Атырау бөлімшелік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында бөлім басшысы және басқарма басшысының міндетін атқарушы қызметтерін атқарды.

Қазір Гүлшат Бақтыбайқызы – Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің медициналық қызметті бақылау бөлімінің басшысы. Сондай-ақ, кәсіби білімімен елге пайда келтірумен қатар, адами қасиеттерімен де өзгелерге үлгі бола білген абыройлы мемлекеттік қызметші.

Ол өзіне жүктелген міндеттерді адал және кәсіби деңгейде орындап, әрбір шешімді заңдылық пен әділеттілік қағидаттарына сүйеніп отырып қабылдайды. Азаматтардың қажеттілігін түсіне білетін, жоғары моральдық жауапкершілігі қалыптасқан тұлға ретінде өз қызметінде зор сенім мен абыройға ие.

Сұлулаш ҚУАНҒАЛИЕВА,

Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі



Жобаның басты бағыттарының бірі – емханалардың медицина қызметкерлеріне ерте араласу мен даму бұзылыстарын анықтаудың заманауи әдістерін үйрету мақсатында оқыту семинарларын ұйымдастыру болды. Алты айдың ішінде Атырау қаласы мен Жылыой ауданының 46 медицина маманы оқытудан өтті. Олардың қатарында педиатрия бөлімінің меңгерушілері, невропатолог дәрігер, жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен медбикелер бар. Бұл мамандар баланың кезең-кезеңімен дамуы, ерте диагностика әдістері мен бұзылыстарды уақытылы түзету тәсілдері жөнінде білімдерін жетілдірді.

Жобада балалар мен ата-аналарға тегін кеңес беру ісіне де ерекше назар аударылуда. Қабылдауды «БолашақК» қоғамдық қорының невропатолог дәрігерлері мен реабилитологтары жүргізеді.

Мысалы, Жылыой ауданының Құлсары қаласында жобаны іске асыру барысында 3 жасқа дейінгі 236 бала тексерістен өтті. Олардың 75%-ында түрлі даму бұзылыстары анықталды, көбіне бұл – психо-сөйлеу дамуының тежелуі. Бұл деректер дамуындағы ауытқуларды ерте анықтау мәселесінің өзектілігін айқын көрсетеді.

Жоба білім беру саласын да

жұмыстарының нәтижесін бекітуге көмектеседі», - дейді атыраулық Нұрмұхамбеттің анасы Азиза.

Қазіргі таңда «БолашақК» оңалту орталығында 80-нен астам бала кешенді оңалтудан өтті. Мұнда балалар логопед, дефектолог, психолог, емдік дене шынықтыру, сылап-сипау, сенсорлық интеграция мамандарымен айналысып, жан-жақты қолдау алады.

«Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, бала мен оның отбасы қаншалықты ерте көмек алса, түзету жұмыстарының нәтижесі соншалықты жоғары болады. Біз тек орталықта балалармен жұмыс істеп қана қоймай, ата-аналарды үй жағдайында оңалту әдістеріне үйретуге тырысамыз. Мұндай тәсіл отбасының үдерістің белсенді қатысушысына айналдырады және он нәтижелерді едәуір жеделдетеді», - деп атап өтті «БолашақК» қоғамдық қорының дәрігер-реабилитологы, жоба жетекшісі Жібек Бисенова.

Жоба дәрігерлердің, оңалту және түзету мамандарының, педагогтардың және ата-аналардың күш-жігерін біріктіріп, балаларға ерте көмек көрсету жүйесін қалыптастыруда және уақытылы араласудың бала мен отбасының өмірін жақсартып, болашағын өзгертетінін дәлелдеуде.

«ЕРТЕ ОҢАЛТУ – даму мен мүмкіндіктерге жол»

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА БАЛАЛАРДЫ
ЕРТЕ ОҢАЛТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ ЗОР ЖОБА
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. ЖОБАНЫҢ НЕГІЗГІ
МАҚСАТЫ – БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ
АУЫТҚУЛАРДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ
ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА
ДЕР КЕЗІНДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ.

қамтып отыр. Атырау облысы білім беру басқармасының Әдістемелік орталығы және Атырау қаласы мен Жылыой ауданындағы балабақшалармен бірлескен жұмыс жүргізілуде. Мектепке дейінгі мекеме басшылары, әдіскерлер, тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімдері, түзету мамандары мен ата-аналар балалардың дұрыс дамуы, оқытылуы мен тәрбиеленуіне арналған семинар-тренингтерге қатысады.

Сонымен қатар, «БолашақК» қоғамдық қорының мамандары тарапынан үйге барып кеңес беру ұйымдастырылды: 13 отбасы үй жағдайында трансдисциплинарлық мамандардан кеңес алды.

«Мамандар үйімізге келгенде, мен үлкен қолдау сезіндім. Маған баланы үй жағдайында қалай дұрыс оңалтуға болатынын, жаттығуларды қалай жүргізу қажеттігін көрсетті. Бұл әдістер оның дамуын қолдап, түзету

Хабарландыру

«Jasyl Energy» ЖШС қоғамдық тыңдаулар өткізеді ашық жиналыс түрінде келесі тақырып бойынша: «Jasyl Energy» ЖШС-нің – аумағының А және Е блоктарының қайтарылатын бөліктері бойынша жер қойнауын пайдаланудың салдарынан жою жобасы, экологиялық бағалау материалдарымен (қоршаған ортаны қорғау бөлімі, іс-шаралар жоспары)»

Қоғамдық тыңдаулар: 07.10.2025 ж. сағат 10.30-да (жергілікті уақытпен) Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат ауылдық округі, Мақат ауылы, Нәбира Шағырова көшесі, Мақат аудандық Жастар ресурстық орталығы ғимаратында.

07.10.2025 ж. сағат 15:00-де (жергілікті уақытпен) Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр ауылдық округі, Мұқыр ауылы, М.Зұлжанов көшесі, 11 үй, орта мектептің акт залында.

Әсер ету аумағы: Блок «Е» координаттары (WGS-84 (39 зона)): 47°27'40.34"С, 52°37'55.65"Ш Блок «А» координаттары (WGS-84 (40 зона)): 47°45'03.58"С, 54°13'33.77"Ш.

Онлайн қосылу үшін ZOOM бейнеконференция платформасына келесі сілтеме арқылы өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCrwZADckXOPi0r4r7W0t0B CARZa.1>

Конференция идентификациясы: 495 616 6428
Қатысу коды: 1234567
Қосылу мәселелері бойынша байланыс телефоны: 87024190246
Бастамашы: «Jasyl Energy» ЖШС, 050013, Алматы қ., Сәтбаев көшесі, 186, БСН 220340025060, тел.: 87017422811, e-mail: kz.almaty88@mail.ru
Жобаны әзірлеуші: «СК СИА Ой» ЖШС, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Астана ауданы, «Жанакон» тұрғын массиві, Саяхат көшесі, 6 үй, БСН 140140017481, e-mail: gul_shat_k@mail.ru
Жергілікті атқарушы органның электронды және пошта мекен-жайы: «Атырау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ060011, Атырау облысы, Атырау қ., Өйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел.: 8(7122)32-55-09, БСН050140002850.
Жоба бойынша құжаттама НБД сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru>
Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекен-жайына және НБД сайтында (ndbecology.gov.kz) қабылданады.

06.10.2025ж. Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті, Нәбира Шағырова көшесінде орналасқан Мақат ауданының Жастар ресурстық орталығының ғимаратында, сағат 15.00-де «2026-2027 жылдарға арналған Шақтық Мақат кен орнының Жаңа Мақат учаскесі, 2026 ж. арналған Батыс Сағыз, Батыс Байчунас кен орындарының игеру кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасасқан өтінім құжаттамалары» бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/77739359147?pwd=tz9iF1syWOWpDlarpESNNJdV010dN.1>
Конференцияның идентификациясы: 777 3935 9147 Қолжетімділік коды: h0Pb1K
Тапсырыс беруші – «Jasyl Energy» ЖШС, БСН: 220340025060, Алматы қ., Сәтбаев к-сі 18«А», тел.: 8-778-514-1483, эл. пошта: gulzhanat@tradexhouse.com
Жобаны әзірлеуші – «Ашық Жол Сервис» ЖШС, 060097, Атырау қ., Төлебаев көшесі 44-503, БСН 100 740 007 469, т. 8702 437-630-54, электронды мекен-жайы: gaini_s@mail.ru.
Жоба бойынша құжаттама БЭК-те <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған.
Жергілікті атқарушы орган - «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Өйтеке би, 77, электрондық мекен-жайы: ekspertizyup@mail.ru тел: 8 (7122) 325509.
Ақпарат алу үшін веб-сайт: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>
<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru>
Қосымша ақпаратты gaini_s@mail.ru электронды мекен-жайдан алуға болады, тел.: 87024373054.

Облыстың қаржы нарығының 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдайы

Облыстың банк секторы. 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша облыс аумағында екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) 14 филиалы, 43 бөлімшесі, 59 айырбастау пункті жұмыс істеді.

Облыстың несие нарығы. 2025 жылғы қаңтар-маусымда облыстың ЕДБ филиалдарымен 509,9 млрд. теңге сомасына несие берілді, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 18,8 %-ға көп. Занды тұлғаларға несие беру 7,5%-ға 133,7 млрд. теңгеге дейін көбейді, ал жеке тұлғаларға 23,4%-ға 376,2 млрд. теңгеге дейін.

2025 жылғы қаңтар-маусымда азаматтарға тұтыну мақсаттарына 283,0 млрд. теңге берілді, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 23,2%-ға жоғары.

2025 жылғы 1 шілдеде облыстағы банк филиалдарымен берілген несиелер бойынша берешектер 971,9 млрд. теңгені құрады, 2024 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда 18,1%-ға өскен. Жеке тұлғалардың берешектері 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,7%-ға көбейді және 826,6 млрд теңгені құрады, занды тұлғалардікі – 9,7%-ға және 145,4 млрд. теңге.

2025 жылғы 1 шілдеде тұрғындарға тұтыну мақсаттарына берген несиелер бойынша берешектер 542,0 млрд. теңгені құрады, 2024 жылдың сәйкес көрсеткішімен салыстырғанда 26,6%-ға өсті. Осы орайда жеке тұлғаларды несиелендірудің жалпы көлемінде тұтыну несиелерінің үлес салмағы 65,6%-ды құрайды.

2025 жылғы 1 шілдеде несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер көлемі 46,6 млрд. теңгені құрады немесе ЕДБ филиалдарының несие портфелінің 4,8%.

Облыстың депозит нарығы. 2025 жылғы 1 шілдеде ЕДБ филиалдарындағы салымдар 2024 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда 12,3%-ға көбейді және 834,6 млрд. теңгеге жетті. Жеке тұлғалардың депозиттері 15,9%-ға өсті, занды тұлғалардікі – 4,4%-ға.

2025 жылғы 1 шілдеде ұлттық валютадағы салымдардың үлесі 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 74,5%-дан 76,7%-ға өсті, ал шетел валютасымен – 25,5%-дан 23,3%-ға кеміді.

Облыстың валюта нарығы. 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларының облыстың 84 айырбастау пункті жүзеге асырды, олардың 59 – уәкілетті банктердікі, 12 – «Қазпошта» АҚ филиалының және 13 – уәкілетті ұйымдардікі.

2025 жылғы қаңтар-шілдеде облыстың айырбастау пункттерімен халықтан 33,4 млн. АҚШ доллары сатып алынды, бұл 2024 жылдың көрсеткішінен 5,6%-ға төмен. Сонымен қатар 1,9 млн. еуро (12,1%-ға азайды), 952,3 млн. рәсей рублі (1,2%-ға кеміді) сатып алынды.

Облыстың айырбастау пункттерімен 2025 жылғы қаңтар-шілдеде халыққа 114,8 млн. АҚШ доллары сатылды, 2024 жылмен салыстырғанда 28,9%-ға кеміген. Бұдан басқа халыққа 5,5 млн. еуро (19,4% азайды), 1 005,1 млн. рәсей рублі (11,6%-ға кеміді) сатылды.

Төлем карточкаларын пайдалану. 2025 жылғы 1 шілдеде айналымдағы төлем карточкаларының саны облыс бойынша 2 865,6 мың бірлікті құрады. Облыста 609 банкомат, 49 903 POS-терминал жұмыс жасайды.

2025 жылғы қаңтар-шілдеде төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол ақшаыс төлемдер бойынша 2 163,5 млрд. теңге сомасына (2024 жылмен салыстырғанда 16,1%-ға өсті) 207,2 млн. транзакция (өсім 13,1%) жасалды.

2025 жылғы қаңтар-шілдеде карточкалық шоттан қолма-қол ақша алу бойынша 382,6 млрд. теңге сомасына (2024 жылмен салыстырғанда 0,3%-ға кеміді) 3,8 млн. транзакция (4,2%-ға кеміді) жасалды.

«ҚҰЛТҒЫҚ БАНКІ» РММ
Атырау филиалы



Тұрғындардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруа қожалықтарының назарына!

ЕСКЕРТУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Атырау облысының аумағында Узень-Атырау-Самара», «Мартыши-Атырау», «Комсомольск-Мақат», «Т.Қасымов атындағы МАС – Шманов Н.Н. атындағы МАС – АМӨЗ», «Шманов Н.Н. атындағы МАС – АМӨЗ» магистральды мұнай құбырлары, ТОВЖ байланыс желілері салынғанын, олар километрілі бағандармен және ескерту белгілерімен белгіленгені ескертеді.

ҚР «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары белгіленеді:

1) магистральды мұнай құбырларының трассалары бойында – әр жағынан құбыр осінен елу метрде өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральды мұнай құбырының күзетілетін аймағы әр жағынан құбыр осінен жиырма бес метрде өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2) бір техникалық дәлізде салынған көп жікті құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде;

3) суасты өтпелерінің бойында – әр жағынан өтпелердің шеткі жіктерінің осьтерінен жүз метрде тұрған қатарлас жазықтық арасында жасасылған су беткейінен түбіне дейінгі су кеңістігінің жер учаскесі ретінде;

4) өнімді апаттық шығаруға арналған жер қоймаларының айналасында – көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан барлық жаққа елу метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде;

5) бас және аралық айдау және құю сораптық стансалары, сұйыққойма парктері, өнімдерді өлшеу тоараптары, құю-төгу эстакадалары, мұнай, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері айналасында – көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан жүз метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде;

6) орманы жоқ учаскелерде тұрғындар тұратын пункттерден тыс орналасқан байланыс және радиофикацияның жер асты кабельді және әуе желілері – жер асты кабельінің трассасынан немесе әр жағынан екі метрден кем емес қашықтықта әуе желілерінің шеткі сымдарынан тұратын параллель тура желілерді анықтайтын осы желілер бойындағы жер учаскесі ретінде.

ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 10-НАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ-пен олардың орналасу жерін, құрылыс, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

2) бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;

3) магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;

4) кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға;

5) автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;

7) «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;

8) ұңғымалардың, шурфтардың құрылыстарымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезиялық және басқа іздету жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез-келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Айтылған Заң талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекен-жайға хабарласу қажет:

Атырау мұнай құбыры басқармасы
Атырау қ., Зейнолла Ғұмаров көшесі, 94
Тел: 8 (7172) 55-52-53, 8 (7172) 55-52-52, 8 (7172) 55-52-54, 8 (7122) 931-633, 8 (7122) 931-779, 8 (7122) 931-278, 931-298, 931-227.